

## Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 1050 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 46-бабының 6) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабы 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасында құқықтық статистика және арнайы есепке алу жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

1. Мемлекеттік мекеме - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет), оған таратылатын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының функциялары және мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттігі беріле отырып, құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Комитет туралы ереже бекітілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 13.10.2017 № 563 Жарлығымен.**

3. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 2-құжат; 2001 ж., N 4-5, 43-құжат; 2002 ж., N 26, 272-құжат; N 45, 445-құжат) мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлыққа 2-қосымшада:

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу  
жөніндегі комитет 107

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу  
жөніндегі комитеттің аумақтық органдары 534";

"Қазақстан Республикасы Прокуратурасының  
қарауындағы мемлекеттік мекемелер

Құқықтық статистика және ақпарат орталығы 641"  
деген жолдар алынып тасталсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

2) Комитет қызметін қаржыландыруды республикалық бюджет қаражатының есебінен қамтамасыз етсін;

3) Осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2003 жылғы 28 наурыздағы  
№ 1050 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті туралы ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 23.05.2023 № 227 Жарлығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң), Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, заңдарға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның қазақ және басқа тілдерде өз атауы бар мөрлері және мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрықтарымен және

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Мәскеу көшесі, 34.

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитеттің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан Комитеттің кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңдарымен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджетке жіберіледі.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

## **2-тарау. Комитеттің міндеттері, құқықтары мен міндеттіліктері**

13. Міндеттері:

1) қоғамның, мемлекеттің және халықаралық қоғамдастықтың ресми құқықтық статистикалық ақпаратқа қажеттіліктерін қанағаттандыру;

2)

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2) тармақша 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 Жарлығымен (мәтін алып тасталды).**

3) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттер.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 Жарлығымен.**

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінен мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды жүргізу мәселелер бойынша құқықтық

статистикалық ақпаратты, ведомстволық есептілікті, бастапқы есепке алу құжаттары мен нысандарын, сондай-ақ статистикалық ақпаратты жасау және арнайы есепке алуды жүргізу үшін басқа да ақпаратты өтеусіз алу;

құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінен бастапқы есепке алу және есептілік актілерінің толық және анық болуын, оларды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының (бұдан әрі – Бас Прокурор) нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімдерде ұсынуды талап ету;

құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыруға және арнайы есепке алуды жүргізуге байланысты емес қызметіне араласпастан, олар беретін құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығына, объективтілігіне, анықтығына және жеткіліктілігіне қадағалауды жүзеге асыру;

мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында заңдылықтың сақталуына тексеру, заңдылықтың жай-күйіне талдау, күшіне енген актілерге бағалау жүргізу;

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленетін, сондай-ақ Бас Прокурор белгілейтін тәртіппен прокуратура актілерін енгізу;

ақпараттық-талдау қызметінің нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған тәсілдермен құқықтық статистикалық ақпаратқа қолжетімділікті беру;

статистикалық жинақтарды шығаруды ұйымдастыру және құқықтық статистикалық ақпаратты практикалық және ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін өзгеше түрде пайдалану;

Комитетте тіркелуге жататын тексерулерді, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылаудың, сондай-ақ қадағалаудың басқа да нысандарын тағайындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайларда, оларды тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тарту;

қылмыстық қатерлерді анықтау жөніндегі болжамды-талдамалық қызметті жүзеге асырудың нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне жіберу;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттіліктері:

мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды жүргізу саласында ақпаратты жинауды, өңдеуді, жинақтауды, жиынтықтауды және жаңартып отыруды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекте, көлемде және мерзімдерде құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерін құқықтық статистикалық ақпаратпен, арнайы есепке алу мәліметтерімен өтеусіз негізде қамтамасыз ету;

мемлекеттік органдарды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету;

жеке және заңды тұлғаларға олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджетке түсетін қаражаттары есебінен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекте, көлемде және мерзімдерде ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

алынған, мемлекеттік құпияларды, дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2) тармақшаның жетінші абзацы жаңа редакцияда көзделген – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

ақпараттық жүйелерді құқыққа сыйымсыз қол сұғудан, құқықтық статистика және арнайы есепке алу объектілері туралы деректерді бүлінуден немесе жойылудан қорғауды қамтамасыз ету;

мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу кезінде адам мен азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;

жүргізілетін құқықтық статистикалық байқаулардың бағдарламасын мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісу және бекіту;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2) тармақшаның оныншы абзацы жаңа редакцияда көзделген – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2) тармақшаның оныншы абзацы 12.07.2026 дейін осы редакцияда қолданыста болады – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 Жарлығымен.**

қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өздерінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтер ұсыну;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

**Жарлығымен.**

15. Функциялары:

- 1) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру;
- 2) жедел, ведомстволық есепке алуды және жедел-іздістіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдармен құпия негізде ынтымақтасатын адамдарды есепке алуды қоспағанда, арнайы есепке алуды жүргізу;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

3) қылмыстық істерді тергеп-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеу және есепке алу процестеріне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіру;

4) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері беретін мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәліметтерінің тұтастығына, объективтілігіне, анықтығына, жеткіліктілігіне қадағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ осы саладағы ақпаратты жинау, тіркеу, өңдеу, жинақтау, жиынтықтау және сақтау әдістемесін айқындау;

5) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асыру;

5-1) қылмыстық қатерлерді анықтау жөніндегі болжамды-талдамалық қызметті жүзеге асыру;

6) құқықтық статистикалық ақпаратқа мониторинг пен салыстырып тексеруді жүргізу;

7) мемлекеттік органдарға (Қазақстан Республикасының Президентіне және оның Әкімшілігіне, Вице-Президентке, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына және оның депутаттарына, Қазақстан Халық Кеңесіне, Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесіне, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына келіп түсетін жолданымдарды қоспағанда) келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, хабарларын, сұрау салуларын, үн қосуларын және ұсыныстарын талдау;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді және есепке алуды үйлестіру;

9) тексерілетін субъектілердің, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілердің құқықтарын заңсыз тексерулерден, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және Қазақстан Республикасының

зандарында көзделген мемлекеттік бақылаудың, сондай-ақ қадағалаудың басқа да нысандарынан оларды Комитетте тіркеуді жүзеге асыру барысында қорғау;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылауды, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді және (немесе) есепке алынуын жүргізуді жүзеге асыру;

11) реттеуші мемлекеттік органдарға мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізу тәртібін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

12) құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, хабарларын, сұрау салуларын, үн қосуларын, ұсыныстарын қабылдау, тіркеу, қарау сатысында олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;

13) жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын құзыреті шегінде қарау;

14) жолданымдарды қарау бойынша операциялық бағалауды жүргізу;

15) жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтерді көрсету;

16) құқықтық статистикалық байқауларды жүргізу;

17)

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

17) тармақшаның бірінші, екінші абзацтары 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 Жарлығымен (мәтін алып тасталды).

пайдалану, сүйемелдеу, дамыту, мониторингтеуді жүзеге асыру;

іріліссіз және тиісінше жұмыс істеуді, сондай-ақ қорғауды қамтамасыз ету;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

17) тармақшаның бесінші абзацы 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 Жарлығымен (мәтін алып тасталды).

анықталған кемшіліктерге жедел ден қоюды және оларды жою бойынша шаралар қабылдауды қамтамасыз ету жөніндегі функцияларын жүзеге асыру;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

18) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

18) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі ақпараттық жүйелердің, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінің жұмыс істеуіне, оған әкімшілік етуге, пайдалануға жауапты лауазымды адамдарды айқындау;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

19) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

19) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйенің географиялық ақпараттық карталарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

20) тоқтатылған қылмыстық істерді қабылдауды, беруді, сақтауды, жоюды және олармен танысуды жүзеге асыру;



21) кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар туралы мәліметтерді жариялау;

22) мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қағидаттар мен стандарттарды, әдістемені әзірлеу;

23) құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алудың барлық субъектілері үшін міндетті болатын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

24) Комитеттің архивтік жұмыс бөлімшелерінің тоқтатылған қылмыстық істерді қабылдауы, беруі, сақтауы, жоюы және олармен танысуы жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;

25) мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау, олардың нәтижелері туралы актіні (хабарламаларды) қоспағанда, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген мемлекеттік бақылау актілерінің, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актілердің және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың нысандарын әзірлеу;

26) құқықтық статистика есептерінің нысандарын және оларды қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу;

27) жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, арнайы есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларын әзірлеу;

28) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу;

29) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу;

30) Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу;

31) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеу, оларды тіркеуден және күшін жоюдан бас тарту қағидаларын, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылардың құрамын өзгерту және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын әзірлеу;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**32) тармақша жана редакцияда көзделген – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**



**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**32) тармақша 12.07.2026 дейін осы редакцияда қолданыста болады – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 Жарлығымен.**

32) жеке қабылдауларды, мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекеттік заңды тұлғаларға, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ "Электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидаларын әзірлеу;

33) құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен алынатын мәліметтерді қалыптастыру, оларға қол жеткізу, пайдалану, сақтау, қорғау және жою қағидаларын әзірлеу;

34) Қазақстан Республикасы құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарының және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарының жасырын тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру қызметін жүргізуге, сондай-ақ өздеріне жүктелген өзге де міндеттерді шешуге қажетті ақпаратты Бас Прокурордың, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің және Қазақстан Республикасы құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдары бірінші басшыларының бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен алу қағидалары мен негіздерін әзірлеу;

35) өзге де органдардың өздеріне жүктелген міндеттерді шешуге қажетті ақпаратты Бас Прокурордың және өзге де органдардың бірінші басшыларының бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен алу қағидаларын және негіздерін әзірлеу;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**36) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

36) құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесін әзірлеу;

37) прокуратура органдары жүзеге асыратын міндеттерді орындауға қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін әзірлеу;

38) құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуі жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;

39) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

40) Комитеттің міндеттерін іске асыру шеңберінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау;

41) Комитеттің аумақтық және оларға теңестірілген органдарының (бұдан әрі – аумақтық органдар) жұмысын бақылау, оларға есепке алу, статистикалық, ақпараттық, талдау, қадағалау қызметін жүзеге асыруда практикалық және әдістемелік көмек көрсету;

42) өзіне Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функциялар.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315; 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2026 № 1343 Жарлықтарымен.**

### **3-тарау. Комитет басшысының мәртебесі мен өкілеттіктері**

16. Комитетке басшылықты төраға жүзеге асырады, ол Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Комитет төрағасын Бас Прокурордың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Комитет төрағасының орынбасарлары, оның ішінде бірінші орынбасары болады, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Бас Прокурор лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 Жарлығымен.**

19. Комитет төрағасының өкілеттіктері:

1) Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оларға басшылық етеді, оның аумақтық органдарының қызметін бақылауды жүзеге асырады;

2) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдарының өкілеттіктерін айқындайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитеттің прокурорлары мен өзге де жұмыскерлерін, аумақтық органдар басшыларының орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитеттің, оның аумақтық органдарының прокурорлары мен өзге де жұмыскерлерін көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету, тәртіптік жазаларды қолдану және алып тастау мәселелерін шешеді;

5) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

6) Бас Прокурорға Комитеттің қызметі туралы ақпарат береді;

7) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдары туралы ережені бекітеді;

8) бекітілген құрылым мен сан шегінде штат кестесін бекітеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитет төрағасы болмаған кезде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізу – ҚР Президентінің 15.06.2026 № 1315 Жарлығымен.**

20. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Комитеттің мүлкі**

21. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Комитет өзіне бекітіліп берілген, қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **Комитеттің қарамағындағы аумақтық және оларға теңестірілген органдардың тізбесі**

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі;

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі;

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі;



"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі;

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі;

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі;

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі;

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің әскери департаменті" мемлекеттік мекемесі;

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің көліктегі департаменті" мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2003 жылғы 28 наурыздағы  
N 1050 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық  
статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің  
құрылымы**

**Ескерту. Құрылым алып тасталды - ҚР Президентінің 13.10.2017 № 563  
Жарлығымен.**